

## Алиева Ж.<sup>1</sup>, Сарабаева Б.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>ғ.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, тел.: +7 702 246 1971

<sup>2</sup>4 курс студенті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: bota\_96\_64@mail.ru, тел.: +7 778 646 6797

### ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ РӨЛІ

Қоғамның дамуында және әлеуметтік-экономикалық, мәдени, экологиялық мәселелерді шешуде волонтерлік белсенділік маңызды рөл атқарады. Жаңа трендке айналған волонтерлікпен демалысты ұйымдастыру туризм индустриясында қарқынды дамып келе жатқан жаңа аспектілердің бірі. Волонтерлік туристерге өзін-өзі дамытуға, өз елінің, басқа елдердің тарихы, мәдениеті, дәстүрі туралы білімін кеңейтуге үлкен мүмкіндіктер жасап, басқа адамдарға қамқорлық көрсету, өзін жаңа жағдай мен ортада сынауға үлкен септігін тигізеді. Елдің белсенді азаматтары халықаралық және аймақтық, жергілікті әлеуметтік маңызды мәселелерді шешу барысында өз демалысын тиімді өткізу ерекшеліктеріне ие болады.

Мақалада волонтерліктің теориялық және әдістемелік негіздерін қамтиды, волонтерліктің түсінігі, әлемдік волонтерлікке статистикалық мәліметтер келтірілген. Сонымен қатар, «волонтер» түсінігі бойынша отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың әртүрлі көзқарастары ұсынылған, бүгінгі таңда қолданыстағы терминологияға талдау қарастырылған. Туризм мен волонтерліктің байланысы, «волонтерлік туристік іс-әрекет» пен «волонтуризм» түсініктерінің айырмашылығы, халықаралық волонтуристік бағдарламалары, олардың атқарған іс-шаралары жайлы мәліметтер келтірілген.

**Түйін сөздер:** волонтерлік, волонтерлік туристік іс-әрекет, волонтуризм, волонтерлік туристік бағдарламалар.

Aliyeva Zh.<sup>1</sup>, Sarabayeva B.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>c.g.s. , associate professor, Kazakh National University named after al-Farabi,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, тел.: + 7 702 246 1971

<sup>2</sup>Student of 4 course, Kazakh National University named after al-Farabi,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: bota\_96\_64@mail.ru, тел.: + 7 778 646 6797

#### The role of volunteering in the development of tourism

Volunteering plays an important role in the development of society and the solution of socio-economic, cultural and environmental problems. The organization of leisure with the help of volunteerism, which today is considered as a trend, is one of the rapidly developing directions of the tourism industry. Volunteering enables tourists to expand their knowledge about self-development, about their own country, history, culture, traditions of other countries, to be attentive to the world around, to test themselves in new conditions. Thus, volunteers, taking part in solving international, regional, local social problems, have the opportunity to organize their vacation in a combination of «useful and enjoyable.»

The article considers theoretical and methodological foundations of volunteering, analyzes statistical data on the development of volunteerism in the world. Also, various points of view of domestic, Russian and foreign scientists on the concept of «volunteer» are presented, an analysis of the terminology existing today is given. At the same time, the relationship between volunteerism and tourism, and such concepts as «volunteer performance» and «volunteerism» is revealed. The article contains examples of existing international volunteer programs, their activities, reveals the role of volunteerism in the development of tourism.

**Key words:** volunteering, tourist volunteering, voluntourism, volunteer tourism programs.

Алиева Ж.<sup>1</sup>, Сарабаева Б.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.г.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, тел.: +7 702 246 1971

<sup>2</sup>студентка 4 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: bota\_96\_64@mail.ru, тел.: +7 778 646 6797

### Роль волонтерства в развитии туризма

Волонтерство играет важную роль в развитии общества и решении социально-экономических, культурных и экологических проблем. Организация отдыха с помощью волонтерства, которая на сегодняшний день считается трендом, является одним из быстро развивающихся направлений индустрии туризма. Волонтерство дает возможность туристам расширить свои знания о саморазвитии, о своей собственной стране, истории, культуре, традициях других стран, быть внимательным к окружающему миру, испытать себя в новых условиях. Таким образом, волонтеры, принимая участие в решении международных, региональных, местных социальных проблем, имеют возможность организовать свой отдых в сочетании «полезное с приятным».

В статье рассматриваются теоретические и методологические основы волонтерства, анализируются статистические данные развития волонтерства в мире. Также представлены различные точки зрения отечественных, российских и зарубежных ученых о понятии «волонтер», дается анализ существующей на сегодняшний день терминологии. Вместе с тем раскрывается взаимосвязь волонтерства и туризма, и таких понятий, как «волонтерская деятельность» и «волонтуризм». В статье приводятся примеры существующих международных волонтерских программ, их деятельность, раскрывается роль волонтерства в развитии туризма.

**Ключевые слова:** волонтерство, туристское волонтерство, волонтуризм, волонтерские туристские программы.

### Кіріспе

Қоғамда қандай жұмыстар жасалмасын, қандай іс-шаралар өткізілмесін, оларды ұйымдастырушы, жүзеге асырушы қарапайым ғана адамдар. Бірінші кезекте, қоршаған орта мен қоғамға жаңа игі өзгерістер әкелуді қалайтындар, өздерінің сол ортаның мүшесі екендігін сезіне отырып жақсылық жасаушылар. Сонымен қатар жасаған жақсылығы мен атқарған жұмысы үшін ақы сұрамайтын тұлғалар. Қысқаша тізілген қасиеттерді жалпы бір арнаға тоғыстырып, бір адамның бойына жинақтасақ, қазіргі күні «Ерікті» немесе «Волонтер» деп аталатын қоғам мүшелеріне лайықты аттың иелерін көреміз.

Волонтер (ерікті) – өз еркімен, өтеусіз түрде қызметтер жасайтын немесе ұсынатын адам. Басқаларға көмек көрсетуге және сол идеяны жетекшілікке алып, әрекет етуге дайын тұрған кез келген адам волонтер бола алады (Конвисарева 2006)

Қоғамдық ұйымдардың, бизнес пен азаматтардың волонтерлік іс-әрекеттері білім беру, ғылым, мәдениет, өнер, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау және бірқатар басқа салалардағы қоғамның әлеуметтік дамуының ең маңызды факторлары болып табылады. Волонтерлік құраушы азаматтық қоғамның барлық институттары қызметінде ажырамас тәжірибе бере алады. Сол сияқты туризмде де волонтерлік іс-әрекетпен айналысу адамның

демалысты жағымды нарселермен үйлестіру арқылы әлеуметтік дамуына әсер етеді.

Волонтерлік жұмыс түрлі бағытта атқарылады. Ол қарапайым мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылуынан бастап, табиғи апаттардың зардаптарын жою, электронды қызметтер, ағарту жұмыстары, аштықты, кедейлікті жоюға арналған халықаралық бағдарламалардың мүшесі болу, медициналық көмек көрсету және тағы басқалары болып табылады. Сонымен қатар әлем бойынша волонтерліктің дамуына үлесін қосып отырған халықаралық ұйымдардың саны артып келуде және бағдарламалардың бағыттылығы едәуір өзгерген.

### Қолданылған мәліметтер мен зерттеу әдістері

«Волонтерлік» (французша *volontaire*, ағылшынша *volunteer* – ерікті, ал латынша *voluntarius* – әскери қызметке өз еркімен түскен тұлға) – қоғамдағы мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге бағытталған әлеуметтік немесе басқа бір іске жеке тұлғалардың өз уақыты мен машықтары арқылы қосқан үлесі.

Волонтерлік – әрбір адамның азаматтық сана-сезімі мен рухани принциптерінің және адамгершілік қасиеттерін білдірудің бір нысаны болып табылады. Мәні мен мазмұны «ақысыз, саналы түрде өз еркімен өзгелердің игілігіне «жасалған іс бола тұрып, волонтерлік

«азаматтық қоғамның фундаменті болып саналып, «адамзаттың татулық, бостандық, қауіпсіздік, өзге мемлекеттердің халқына

әділдікпен қарау» сынды ұмтылыстарына қол жеткізулеріне мүмкіндік тудырады (Бодренкова 2013).

**Кесте – «Волонтер» түсінігінің анықтамалары (Азарова 2008)**

№	Авторлар	Анықтамалар
1	Попов М.	Волонтер – өз еркімен әскери қызметке баратын және жауға қарсы іспен ерікті түрде айналысатын адам.
2	Кравченко С.А.	Волонтер – ерікті; өз еркімен сынаққа келісуші адам.
3	Басова Л.М.	Қоғамдық пайдалы істердегі азаматтық қатысу формасы, ұжымдық өзара әрекеттесудің мүмкіндігі және өзекті әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің тиімді механизмі.
4	Astin A. W., Sax L.J.	Жеке ұстанымдар мен көзқарастарды айқындайтын ерікті таңдау, өмір сапасын, жеке өсуді және адамдардың мейірімін тереңдетуді мақсат ететін адами қауымдастық өміріне азаматтардың белсенді түрде қатысуы.
5	Хухлин А.В.	Әлеуметтік бастаманы мобилизациялау, қоғамдық маңызы бар мақсаттарға жету, оның жеке өсуіне мүмкіндік беретін жалпы мәселелерді шешу үшін бірлесудің ерікті түрі.
6	Biderman K.	Басқа адамдарға көмек көрсету арқылы өзінің жеке және әлеуметтік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыра алу мүмкіндігі.
7	Ахмадгалеев А.Д., Усманов Б.Ф.	Ақшалай сыйақыға қатыссыз, кең қоғамдылық игілікті, ерікті түрде жүзеге асатын өзара көмек пен өз-өзіне көмектің дәстүрлі формалары, қызметтерді ресми түрде көрсету және азаматтық қатысудың басқа да түрлерін қамтитын кең әрекеттілік.
8	Тетерский С.В.	Қоғамдық бірлестіктермен ғана емес, сонымен қатар жекелей түрде жүзеге асатын көмекке мұқтаж адамдарға риясыз көмек.
9	Конвисарева Л.П.	Басқа адамдардың игілігі үшін жасалынған ақысы төленбейтін, саналы, ерікті әрекеттілік.
10	Ожегов С.И.	Волонтерлер – мұқтаж адамдарға риясыз, ерікті көмек көрсету, қалтқысыз қолдау көрсетуге бағытталған адам қызметінің ерекше үлгісі.

Кестеде көрсетілген мәліметтерге талдау жасау келесідей тұжырымдарды жасауға мүмкіндік береді: волонтерлік – өз еркімен қоғамда игі істермен айналысу, мұқтаж адамдарға көмек беру, адамзаттың дамуына мүмкіндік беретін, өтеусіз негізде орындалатын пайдалы қызмет.

Әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде, жыл санап волонтерліктің қатарына кіретін жас шамасы мен ұлтына қарамастан, волонтер азаматтар саны көбейіп келеді. Мысалы, 90-жылдардың басында волонтерлік қозғалыста 90 млн. адам болса, қазіргі таңда олардың саны әлем бойынша 1,1 млрд адамды құрайды. Қайырымдылық қорымен 1,5 млрд адам айналысып, бейтаныс адамдарға қол ұшын беретін 2,4 млрд адам тіркелген, олардың саны 2016 жылдан 1,5%-ға артқан (CAF World Giving Index 2017). Волонтерліктің дамуына үлесін қосып отырған халықаралық ұйымдардың саны да артып келуде және бағдарламалардың бағыттылығы 90-жылдарға қарағанда едәуір өзгерген: мәдени, экономикалық, саяси, экологиялық, туристік, оқытушылық, шығармашылық.

Беларусь ғалымы Штефан Л. әлемдегі волонтерлер қозғалысының барлық қызметін нысаны мен ұйымдастыру принциптеріне қарай екі түрге бөледі (Штефан 2010):

- классикалық волонтерлер қозғалысы;
- волонтерлер қозғалысының негізіндегі турлар.

Бірінші бағытқа (күніне 4-6 сағат, тамақтандыру және орналастыру қабылдаушы елдің есебінен) әлеуметтік жобалар аясында кез-келген халықаралық коммерциялық емес ұйымының қамқорлығымен волонтерлік лагерлерде төленбейтін жұмыстарды жатқызуға болады. Мұндай бағдарламалар негізінен жастарға арналған. Волонтерлік лагерлер қоршаған ортаны қорғаудан бастап фермада жұмыс жасауға дейінгі қозғалысты қамтиды. АҚШ, Германия, Англия, Франция, Испания және басқа да бірқатар елдерде мұндай жобалар аса танымалы бағыт болып табылады.

Екінші бағыт туроператорлармен ұйымдастырылатын қиындығы мен ұзақтығы әр алуан турлардың волонтерлер лагерлерінен комфортты орналастыру, аз еңбек қарқыны, демалыс

пен ойын-сауық үшін уақыттың елеулі бөлігін пайдалануға қабілеттілігімен ерекшеленеді. Волонтерлер қозғалысының бұл түрін қазіргі таңда «волонтуризм» деп атайды. Осыған орай «волонтерлік туристік іс-әрекет» пен «волонтуризм» түсінігін ажыратып алу керек.

Волонтерлік туристік іс-әрекет – бүкіл әлем бойынша туристік бағытағы волонтерлік жобаларға өз еркімен барлық жастағы адамдардың қатысуы. Мысалы, бұқаралық іс-шараларға, қорықтар мен ұлттық парктерге, турбазалар мен қонақ үйлерге көмек көрсету. Мысалы, 2008 жылы Қытайда өткен Олимпиада ойындарында Пекин мұражай кешені елде тұратын 185 шет ел волонтерлерін экскурсия жүргізуге дайындаған. Мұражайға қытай тілінде сойлей алатын ағылшын, француз, неміс, жапон, корей, орыс, испан, араб тілдерінің мамандары шақырылды (Волонтеры-иностранцы будут работать в пекинском Запретном городе 2015).

АҚШ-тың Hampton Save-A-Landmark бағдарламасының волонтерлері соңғы 16 жылда елдің тастанды көрнекті орындар қалпына келтірумен айналысып келе жатыр. Нәтижесінде Аляскада орналасқан әлемдегі ең үлкен Санта Клаустың мүсінін, Нью-Йорк штатындағы «Үлкен Үйрек» кәдесыйлар дүкенін, Аризона штатының шөлінде орналасқан АҚШ-тың ең биік фонтанын және Невада өкілінің мүсінін қалпына келтірді. Hotel.su сайтының айтуынша қорғауға мұқтаж көрнекті орындардың саны үнемі жаңартылып отырады (Волонтеры спасают американские достопримечательности 2007).

Эковолонтерлік – агротуризмнің дүниежүзілік тәжірибесі, жоба негізінде агроқожайындар бақтар мен бақшаларда, жүзімдіктер мен фермаларда жұмыс жасауға волонтерлерді қабылдайды. Тек ауыл шаруашылығымен айналысатын волонтерлік жоба – WWOOF (World Wide Opportunities on Organic Farms) айтуымызға болады (World Wide Opportunities on Organic Farms 2009). Жоба жұмыстардың әртүрлі бағыттарын қамтуы мүмкін: құлпынай жинаудан жануарларға күтім жасау, жүзімдіктер теру, ірімшік дайындауға дейін. Ол таңдаған ауданға байланысты сәйкес келеді. Жаңа Зеландия мен Гавай аралдарына жыл бойы фермаларға көмек қажет.

Бүкіл әлем бойынша коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асырып отырған ең қызықты және танымал волонтерлік бағдарламалар:

- Turtle Teams (әлем бойынша) – мыңдаған волонтерлік топтар жоғалып бара жатқан теңіз тасбақаларына көмектеседі;

- Conservation Volunteers (Аустралия және Жаңа Зеландия) – табиғатты қорғау мен экологиялық туризмді дамыту үшін топ жұмысын қамтитын қысқа мерзімді жоба;

- Appalachian Trail Conference (АҚШ) – туристік соқпақ салуға және Аппалач тауында жануарлардың 2000 жуық жойылу қаупі бар түрлеріне көмек көрсетумен айналысатын жоба.

- HF Holidays (Еуропа) – Еуропа елдерінде туристер топтарына волонтерлер нұсқаушыларын іздейтін ең танымал жаяу оператордың бірі болып табылады;

- Help Exchange (әлем бойынша) – бақша мен ферма, мектепте мұғалім болу, діни жобаларды іске асыру, үйдің құрылысы және т.б. жұмыстарға көмек қажет ететін көптеген әлемнің түкпір-түкпірінен адамдарға қосымша көмекшілерді іздеп табуға мүмкіндік беретін сайт.

- Біріккен Ұлттар Ұйымының Волонтерлері (әлем бойынша) – ұйым ерік білдірген тұлғаларға шетелде түрлі жобаларға қатысуға мүмкіндік береді (денсаулық сақтаудан табиғи апаттан зардап шеккендерге экономикасының дамуына көмек көрсетуге дейін), бірақ жоба тек кәсіби мамандарға арналған.

- Kibbutz Volunteer (Израиль) – азық-түлік және тұрғын үймен қамтамасыз ете отырып, волонтерлік елдер туралы (Таяу Шығыс және Солтүстік Африка) білуге мүмкіндік береді;

- Move Nepal (Непал) – Ағылшын тілін үйрету, балалар үйлері мен шіркеулерге, қоғамдық жұмыстарға, т.б. көмек көрсетуге әлемнің түкпір-түкпірінен волонтерлерге мүмкіндікті қамтамасыз ететін үкіметтік емес ұйым (Десять бесплатных волонтерских программ 2012).

Түрлі волонтерлік ұйымдардың сайтында және әлеуметтік желілерде ұсынылған жобалардың ішінен туризм саласындағы волонтерлік бағдарламалардың өте үлкен тізімін құруға мүмкіндік береді. Мысалы, Австрияда волонтерлік бағдарламалар (хаскалармен жұмыс), Францияда (іс-шараларды ұйымдастыру және хостелдерде жұмыс жасау), Исландияда (кафелерде, қонақ үйлерде, атқораларда жұмыс), Камчаткада (табиғат қорықтарында жұмыс), Канадада (турбазада жұмыс), Гавайда (серферлер қоғамдастығында жұмыс), Жаңа Зеландияда (қорғалған аралында, жағалау құстарын зерттеу орталығында, хостелде жұмыс), Австралияда (хостелде жұмыс) секілді өзекті волонтерлік бағдарламаларды айтуға болады (Образовательный сайт Westudy.In 2014).

2008 жылғы Travelocity компаниясының зерттеулеріне сәйкес туристердің шамамен

38%-ы волонтерлік қызметпен айналысқан, бұл шын мәнінде және жыл сайын осы қызметпен айналысуға баратын туристер саны артып отыр (Волонтерство – новый тренд в туризме 2008). «Волонтерлік туризм» («Voluntourism») – шетелдік тәжірибеде туризм индустриясында қолданылып келе жатқан жаңа термин.

Соңғы жылдары волонтуризм танымалы трендке айналды. Туризмнің осы түрінің астарында туристер дамушы елдерге немесе жағдайы төмен елдерге түрлі қайырымдылық бағдарламаларына (жетім балаларға ағылшын тілін үйрету, табиғатты қорғау, мектеп құрылысына көмек) қатысу мақсатындағы маршруттарға ақша төлеп саяхаттайды.

### Нәтижелері мен талдау

Бүгінгі таңда волонтуризм жылына 1,6 миллионнан астам туристер волонтерлер қатысқан және шамамен 2 млрд доллар қаражат жұмсалған қарқынды өсіп келе жатқан сала болып табылады (Kahn C. As Voluntourism Explodes in Popularity. Who is Helping Most? 2014). Жыл сайын өтетін Коста-Рика, Байкал көлі, Эверест тауы, Инктер соқпағына халықаралық экологиялық экспедициялар өте танымалы. Волонтуризмнің танымалы түрі жабайы жануарларға көмек көрсету болып табылады (пингвиндер мен басқа құстарды мұнай қалдықтарынан тазалау, жануарлар популяциясын есептеу, мысалы, Кениядағы пілдерді, Аляскадағы ит балықтар мен бұғыларды, жараланған және ауру жануарларға қамқорлық жасау, т.б.).

Мысалы, Қытайда 1980 жылы құрылған CCRCGP (The China Conservation and Research Centre for the Giant Panda) ғылыми-зерттеу орталығында пандаларға көмек беруге болады. Турист-волонтердің негізі міндеттеріне пандаларға тамақ жасау, жануарларға қарау, ауруханадағы ветеринарларға көмек беру кіреді (The China Conservation and Research Centre for the Giant Panda 2010). Боливияда Intu Wara Yassi ұйымы нарықта рұқсатсыз сатылып жапа шеккен жануарларды қорғауға көмектеседі. Әдетте волонтерлік лагерлерде туристер 14-29 күн аралығында жараланған құстар мен жануарларға, соның ішінде папугайларға, лемурларға, жабайы маймылдарға күтім жасайды.

Волонтерлік туризм бағыты ретінде ғылыми-зерттеулер мен археологиялық жұмыстар ғылыми жұмыс зерттеушілерге көмек бере отырып түрлі тарихи орындарда демалуға мүмкіндік

бере алады. Мысалы, Тибет, Валаамда туристер қажы зерттеушілермен ежелгі ғибадатканалар мен әулие орындарға бірге барады немесе жергілікті тұрғындардың өмірі мен салт-дәстүрін зерттейтін экспедицияға қатыса алады. Earthwatch Institute 2015 жылы күзде және жазда туристерге Популония (Тоскана, Италия) ежелгі Этрасс қаласында қазба жұмыстарына, Их Нарт (Монғолия) ұлттық қорығының территориясында археологиялық қазбаларға, Адриана қорғанының маңындағы Рим Фортына (Саут-Шилд, Ұлыбритания), Пуэбало (Кортес, Колорадо, АҚШ) үнділер қоныстарын зерттеу жұмыстарын ұйымдастырды (15 лучших международных волонтерских программ на лето 2016).

Турист-волонтерлерге көмек ретінде 2000 жылы Travelocity IgoUgo-мен бірігіп веб-сайт іске қосып, қазіргі кезде мұнда тәжірибелі саяхатшылар өздерінің қайырымдылық миссияларының фотосуреттері мен әңгімелерімен бөлісіп отырады (Travelocity 2000). IgoUgo негізгі бөлігі жазбаның тікелей авторымен сөйлесуге және одан нақтылау және жоспарланған сапар бойынша ұсыныстар алу үшін мүмкіндік беретін саяхатшылардың әлеуметтік желісі болып табылады. Қазіргі таңда <http://www.helpx.net/>, <http://travelvolunter.com/>, <http://www.hfholidays.co.uk/> сынды көптеген сайттар арқылы волонтерлік іс-әрекетпен айналысып тегін демалысты ұйымдастыруға көмектеседі. Бұның барлығы қазіргі таңда турист-волонтерлердің туризмнің жаңа формасы волонтуризмнің дамуына үлкен үлесін қосып жатыр.

Волонтерлік арқылы:

- қоғамда көмек пен қамқорлық сынды адами қасиеттер дамып, күшейеді;
- азаматтар жаңашылдықты тани отырып, өз өмірлерін жетілдіру арқылы қоғамда жауапкершілік пен қамқоршылық қасиеттерін арттырады;
- жер бетіндегі адамзаттың таза қоғамда өмір сүріп, тұрақты бірлестіктерде еңбек етіп, жаңашыл инновациялық жобаларды бірлесе отырып іске асырудың барысында әртүрлі салада байланыстар орнатылуы мүмкін.

Туристтік волонтерлік қозғалысының барлық түрлері – елдің туризм индустриясын дамытуда маңызды мақсаттарға жету, туризм саласындағы ортақ проблемаларды бірлесіп шешу, жеке өсу және оның мүшелерінің әлеуметтік белсенділігін дамытуға ықпал ететін туристік бастамалардың біріккен ерікті формасы.

## Қорытынды

Волонтерлік іс – қызметтердің кең ауқымдылығы, ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Волонтерлік туристік іс-әрекет қайырымдылық жұмыс жасауда жаңа тәжірибе мен саяхаттап барған елдің мәдениеті туралы терең білім алуға мүмкіндік беретін демалудың жаңа формасы және мазмұны жағынан қызықты туризм түріне айналып отыр. Әлемде бұл туризм түрімен айналысқысы келетін туристер саны артып жатқанын келтірілген статистикадан байқауға болады. Волонтерлік туристік бағдарламалар саны да аз емес. Туристер кедейлерге әлеуметтік көмек бағдарламаларына қатыса алады, мысалы, Вьетнамда науқас балаларға қарау, Непалда жергілікті халыққа үйлер салу, Арген-

тинада үйсіздерге баспана салу мен қаңғыбас балаларға арналған тамақ дайындауға көмектесу, Кениядағы пілдерді, Аляскадағы ит балықтар мен бұғыларды, жараланған және ауру жануарларға қамқорлық жасау, Мадагаскарда шағын бизнес үшін тренингтер ұйымдастыру мен жергілікті балаларға оқыту сабақтарын жүргізу және т.б.

Волонтерлік туристік қызметтер мен волонтуризмнің нақты айырмашылығы, бірінші жағдайда волонтер белгілі бір жұмыстарды орындағаны үшін оларға тегін баспана пен тамақтану ұсынылады, бірақ межелі жерге жету үшін қаражат жұмсайды. Екінші жағдайда болса, туристер барлық шығынды өздері төлейді, яғни турпакет сатып алады, кейбір жағдайларда белгілі бір жұмыстармен айналысу үшін қосымша шығын жұмсайды (археологиялық қазбаға қатысуға мүмкіндік, т.б.).

## Әдебиеттер

- 1 Конвисарева Л.П. (2006) Волонтерское движение как фактор развития социальной активности молодежи [Volunteering movement as a factor in the development of social activity of young people] – 211 с.
- 2 Бодренкова Г.П. (2013) Системное развитие добровольчества в России: от теории к практике: учебно-методическое пособие [System development of volunteers in Russia: from theory to practice: a teaching aid] – М.: АНО «СПО СОТИС». – 320 с.
- 3 Азарова Е.С. (2008) Психологические детерминанты и эффекты добровольческой деятельности [Psychological determinants and effects of volunteer activity] – Кемерово. – 192 с.
- 4 CAF World Giving Index (2017) [Электронды ресурc]: URL: <https://www.cafonline.org/> (кірген уақыты: 20.08.2017).
- 5 Штефан Л.В. (2010) Волонтерский экологический туризм как фактор межкультурной коммуникации: материалы ежегодной международной интернет-конференции [Электронды ресурc]: URL: <http://www.imek.org/> (кірген уақыты: 10.09.2017).
- 6 Волонтеры-иностранцы будут работать в пекинском Запретном городе (2015) [Электронды ресурc]: URL: <http://www.vokrugsveta.ru/> (кірген уақыты: 10.09.2017).
- 7 Волонтеры спасают американские достопримечательности (2007) [Электронды ресурc]: URL: <http://www.travel.ru/news/> (кірген уақыты: 09.09.2017).
- 8 World Wide Opportunities on Organic Farms (2009) [Электронды ресурc]: URL: <http://www.woofinternational.org/> (кірген уақыты: 10.09.2017).
- 9 Десять бесплатных волонтерских программ (2012) [Электронды ресурc]: URL: <https://ru-ru.facebook.com/notes/cheaptrip/> (кірген уақыты: 10.09.2017).
- 10 Образовательный сайт Westudy.In. (2014) [Электронды ресурc]: URL: <http://westudy.in/> (кірген уақыты: 08.09.2017).
- 11 Волонтерство – новый тренд в туризме (2008) [Электронды ресурc]: URL: <http://www.votpusk.ru/> (кірген уақыты: 02.09.2017).
- 12 Kahn C. As Voluntourism Explodes in Popularity. Who is Helping Most? (2014) [Электронды ресурc]: URL: <http://www.npr.org/blogs/go/> (кірген уақыты: 10.09.2017).
- 13 The China Conservation and Research Centre for the Giant Panda (2010) [Электронды ресурc]: URL: <http://www.pandasinternational.org/> (кірген уақыты: 10.09.2017).
- 14 15 лучших международных волонтерских программ на лето (2016) [Электронды ресурc]: URL: <https://lifelifehacker.ru/> (кірген уақыты: 01.09.2017).
- 15 Travelocity (2000) [Электронды ресурc]: URL: <https://www.travelocity.com/> (кірген уақыты: 01.09.2017).

## References

- 1 Konvisareva L.P.(2006) Volonterskoe dvizhenie kak faktor razvitiya socialnoj aktivnosti molodezhi [Volunteering movement as a factor in the development of social activity of young people] – 211 s.
- 2 Bodrenkova G.P. (2013) Sistemnoe razvitie dobrovolchestva v Rossii: ot teorii k praktike: uchebno-metodicheskoe posobie [System development of volunteers in Russia: from theory to practice: a teaching aid] – М.: АНО «СПО СОТИС». – 320 с.

- 3 Azarova E.S. (2008) *Psihologicheskie determinanty i efekty dobrovolcheskoj deyatelnosti* [Psychological determinants and effects of volunteer activity] – Kemerovo. – 192 s.
- 4 CAF World Giving Index (2017) [Elektrondy resurs]: URL: <https://www.cafonline.org/> (kirgen uakyty: 20.08.2017).
- 5 Shtefan L.V. *Volonterskiy ekologicheskiy turizm kak faktor mezhkulturnoj kommunikacii: materialy ezhegodnoj mezhdunarodnoj internet-konferencii* (2010) [Elektrondy resurs]: URL: <http://www.imek.org/> (kirgen uakyty: 10.09.2017).
- 6 *Volontery-inostrancy budut rabotat v pekinskom Zapretnom gorode* (2015) [Elektrondy resurs]: URL: <http://www.vokrugsveta.ru/> (kirgen uakyty: 10.09.2017).
- 7 *Volontery spasayut amerikanskie dostoprimechatelnosti* (2007) [Elektrondy resurs]: URL: <http://www.travel.ru/news/> (kirgen uakyty: 09.09.2017).
- 8 *World Wide Opportunities on Organic Farms* (2009) [Elektrondy resurs]: URL: <http://wwofinternational.org/> (kirgen uakyty: 10.09.2017).
- 9 *Desyat besplatnyh volonterskih programm // Sheaptipclub* (2012) [Elektrondy resurs]: URL: <https://ru-ru.facebook.com/notes/cheaptrip/> (kirgen uakyty: 10.09.2017).
- 10 *Obrazovatelnyj sayt Westudy.In.* (2014) [Elektrondy resurs]: URL: <http://westudy.in/> (kirgen uakyty: 08.09.2017).
- 11 *Volonterstvo – novyj trend v turizme* (2008) [Elektrondy resurs]: URL: <http://www.votpusk.ru/> (kirgen uakyty: 02.09.2017).
- 12 Kahn C. *As Voluntourism Explodes in Popularity. Who is Helping Most?* (2014) [Elektrondy resurs]: URL: <http://www.npr.org/blogs/go/> (kirgen uakyty: 10.09.2017).
- 13 *The China Conservation and Research Centre for the Giant Panda.* (2010) [Elektrondy resurs]: URL: <http://www.pandasinternational.org/> (kirgen uakyty: 10.09.2017).
- 14 *15 luchshih mezhdunarodnyh volonterskih programm na leto* (2016) [Elektrondy resurs]: URL: <https://lifehacker.ru/> (kirgen uakyty: 01.09.2017).
- 15 *Travelocity* (2000) [Elektrondy resurs]: URL: <https://www.travelocity.com/> (kirgen uakyty: 01.09.2017).